

«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ

«БЕКІТІЛДІ»

«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ

Директорлар Кеңесінің шешімімен (16 тамыз 2022 ж., №9 шешім; 28 наурыз 2023 ж., №3 шешім; 12 шілде 2024 ж., №4 шешім; 30 маусым 2025 ж., №5 шешім, 5 маусым 2026, №3 шешім бойынша өзгерістер және толықтырулармен)

«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ

**Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына
білім алушыларды
ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ҚАҒИДАЛАРЫ**

Ақтөбе, 2026 жыл

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетіне (бұдан әрі - Университет) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына студенттерді қабылдау қағидалары Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидалары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 1 сәуірдегі №134 бұйрығымен бекітілген Жоғары білім беру бағдарламалары мен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтарының ұқсас топтарының сәйкестігінің әдістемелік ұсынымдары, Қазақстан Республикасы Білім және жоғары білім министрлігінің м.а. 2023 жылғы 25 тамыздағы № 443 қаулысымен бекітілген «бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережесі, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы бұйрығы негізінде әзірленген.

2. Бұл қағида университеттің білім беру бағдарламаларына оқуға түсу тәртібін анықтайды.

3. Университетке жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар қабылданады. Оқыту нысаны – күндізгі. Әрбір білім бағдарламасының оқыту тобында білім алушылар саны оннан кем болмауы тиіс.

4. Бакалавриат бағдарламалары бойынша оқитын студенттердің контингентін республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру гранттарын орналастыру, сондай-ақ өз қаражаты мен басқа да көздер есебінен оқуға ақы төлеуі арқылы жүзеге асырылады.

2. БАКАЛАВРИАТҚА ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

2.1. Құжат тапсыру тәртібі

5. Орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, ҰБТ-дан өткен және республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысу және (немесе) ақылы оқуға түсуге ниет білдірген тұлғаларға ҰБТ нәтижесі бойынша «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша – кемінде 75 балл, басқа білім беру бағдарламаларына – кемінде 60 балл, соның ішінде аталған БББТ бойынша шекті балдар:

№	БББТ	Грантқа шекті балл	Ақылы бөлімге шекті балл
1	B005 Дене шынықтыру пәні мұғалімдерін даярлау	90	100
2	B009 Математика мұғалімдерін даярлау	80	85
3	B010 Физика мұғалімдерін даярлау	80	85

4	B012 Химия мұғалімдерін даярлау	75	80
5	B013 Биология мұғалімдерін даярлау	75	80
6	B014 География мұғалімдерін даярлау	75	80
7	B015 Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау	75	80
8	B016 Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	75	100
9	B018 Шетел тілі мұғалімдерін даярлау	90	100
10	B028 Хореография	60	100
11	B031 Мода, дизайн	60	100
12	B034 Тарих	60	75
13	B036 Аударма ісі	65	75
14	B037 Филология	60	75
15	B041 Психология	60	70
16	B049 Құқық	75	90
17	B050 Биологиялық және сабақтас ғылымдар	60	70
18	B051 Қоршаған орта	60	70
19	B052 Жер туралы ғылым	70	70
20	B053 Химия	60	70
21	B054 Физика	65	75
22	B055 Математика және статистика	65	75
23	B057 Ақпараттық технологиялар	60	70
24	B062 Электр техникасы және энергетика	70	70
25	B063 Электр техникасы и автоматтандыру	65	70
26	B065 Көлік техникасы мен технологиялары	60	70
27	B068 Азық-түлік өнімдерінің өндірісі	70	70
28	B070 Тоқыма: киім, аяқ-киім және былғары бұйымдары	60	70
29	B071 Тау-кен ісі және пайдалы қазбаларды өндіру	60	70
30	B074 Қала құрылысы, құрылыс жұмыстары және азаматтық құрылыс	60	70
31	B171 Металлургия	60	70
32	B091 Туризм	60	70
33	B092 Тынығу	60	70

5.1 Ақылы бөлімге оқуға түсу үшін келесі санаттары үшін төменгі шекті балдар қолданылады («Б01 Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы және «Б042 Құқық»

кадрларды даярлау бағыты бойынша – 75 балдан кем емес, басқа бағыттар бойынша – 50 балдан кем емес):

- «Алтын белгі» белгісімен марапатталған адамдар;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін бекіту туралы» №514 бұйрығымен (2025 жылғы 30 сәуірдегі толықтырулар мен өзгерістер негізінде) бекітілген Тізбеге сәйкес, таңдалған ҰБТ бейіндік пәндерінің олимпиада пәніне сәйкес келуі шартымен соңғы үш жыл ішіндегі жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері.

6. Оның ішінде ҰБТ қазақстан тарихы, екі таңдау пән және (немесе) шығармашылық емтиханнан кемінде 5 баллдан жинау қажет, математикалық сауаттылық пен оқу сауаттылығы бойынша 3 баллдан кем болмау керек.

7. Техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсетін, ҰБТ-дан өткен және республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білім беру грантын беру конкурсына қатысу және (немесе) ақылы оқуға түсуге ниет білдірген тұлғаларға ҰБТ нәтижесі бойынша кемінде 25 балл, және «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша – кемінде 35 балл, оның ішінде ҰБТ әр пәнінен және (немесе) шығармашылық емтиханнан кемінде 5 баллдан жинау қажет.

8. Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен ҰБТ-ны электрондық форматта өту кезінде жоғары білім беру грантын беру конкурсына оқуға түсуші жоғарыда көрсетілген қажетті балл саны бар ҰБТ-ның екі нәтижесінің бірімен қатыса алады.

9. SAT (ЭсЭйТи), АСТ (ЭйСиТи), IB (АйБи), A-Level (Э-Левел), TOEFL ITP (ТОЙФЛ АЙТИПИ), TOEFL IBT (ТОЕФЛ АЙБИТИ), IELTS (АЙЛТС) халықаралық стандартталған тест сертификаттары бар тұлғалар осы ереженің 1-қосымшасында көрсетілген балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысады және (немесе) жоғары оқу орындарына ақылы бөлімге қабылданады.

9.1. Қазақ тілін В1-ден (орта) төмен емес деңгейде меңгергенін растайтын ҚАЗТЕСТ сертификаты бар тұлғалар 2-1-қосымшада белгіленген балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес қалауы бойынша ҰБТ-да «Қазақ тілі» бейіндік пәнін немесе арнайы пәнін тапсырудан босатылады және білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысады және (немесе) ЖЖОКБҰ-ға ақылы бөлімге қабылданады.

9.2. "Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру ұйымының оқу нәтижелерін сырттай бағалау балдарын ауыстыру негізінде ҰБТ сертификаттары бар түлектері осы Үлгілік қағидалардың 2-2-қосымшасына сәйкес балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес білім беру грантын беру конкурсына қатысады және (немесе) ЖОО-ларға ақылы бөлімшеге қабылданады.

10. ЖЖОКБҰ-ға оқуға түсу кезінде "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 26 шілдедегі № 357 қаулысымен бекітілген мөлшерде қабылдау квотасы қарастырылады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33174 болып тіркелген).

11. ЖЖОКБҰ-ға түсушілерді қабылдау "Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және жоғары ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4991 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша белгіленген үлгідегі

сертификат және (немесе) үміткердің бірегей деректері бар ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) нәтижелерін растайтын Ұлттық тестілеу орталығының ресми сайтында жарияланатын электрондық сертификат (бұдан әрі – ҰБТ сертификаты) балдарына сәйкес олардың өтініштері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

12. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары ҚР БҒМ 2019 жылғы 1 сәуірдегі № 134 бұйрығымен бекітілген Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының ұқсас топтарының және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтарының сәйкестігінің әдістемелік ұсынымдарына сәйкес қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылданады. Ақылы негізде оқуға түсу үшін әңгімелесуден өтеді.

12-1. Жалпы орта білімі бар, мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды ақылы негізде ЖЖОКБҰ-ға оқуға қабылдау күнтізбелік жыл ішінде ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

12-2. Мерзімді әскери қызмет өткерген, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде күнтізбелік жыл ішінде ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша оқудың қысқартылған мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша ақылы негізде оқуға қабылданады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады асырылады.

13. Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар тұлғаларды қабылдау әңгімелесу негізінде жүзеге асырылады. ЖЖОКБҰ бітіріп келушілер үшін оқу мерзімі арнайы комиссияның шешімімен алдыңғы оқу нәтижелері бойынша пәндердің өзара сәйкестігін тану негізінде анықталады.

14. ҰБТ нәтижелері бойынша шекті балл жинамаған тұлғалар университетке қабылданбайды.

15. Төтенше жағдай жариялау, карантиндік шараларды белгілеу немесе күшейту жағдайларында виртуалды қабылдау комиссиясы жұмыс істейтін болады.

16. Университетте Басқарма Төрағасы-Ректордың немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімімен қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының құрамына проректорлар, университеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының және профессорлық-оқытушылық құрамның өкілдері кіреді. Қабылдау комиссиясы тақ саннан тұрады және Комиссия мүшелерінің көпшілік даусымен қабылдау комиссиясының төрағасы сайланады. Қабылдау комиссиясының төрағасымен қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы тағайындалады. Дауыстар тең болған жағдайда қабылдау комиссиясы төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

2.2. Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандарды қабылдау және өткізу тәртібі

17. Арнайы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білім беру бағдарламалары топтары бойынша, оның ішінде «Педагогика ғылымдары» білім беру саласы бойынша оқуға қабылдау арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандар нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады.

18. Арнайы және (немесе) шығармашылық емтиханды ұйымдастыру мен өткізу үшін университеттің бірінші басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімімен емтиханды өткізу кезеңіне комиссия құрылады.

19. Комиссияның құрамына университет өкілдері оның ішінде, профессорлық-оқытушылық құрамның қатарынан, қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді. «Өнер» және «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау» даярлау бағыты бойынша, шығармашылық емтихандар бойынша комиссия құрамына тиісті бейінді білімі бар және мәдениет пен спорт саласындағы жергілікті уәкілетті орган ұсынған өкілдер кіреді. Комиссия тақ саннан тұрады және комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен комиссиясының төрағасы сайланады. Комиссия шешімі оның құрамының кемінде үштен екісі отырысқа қатысса заңды деп саналады. Комиссия шешімі емтиханға қатысушылар санының көпшілік дауысымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

20. Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу осы ереженің 3-қосымшасына сәйкес арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан өткізілетін білім беру бағдарламалары топтарының тізбесіне сәйкес білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жүзеге асырылады.

21. Арнайы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін, оның ішінде "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша жоғары білім беру бағдарламаларына оқуға түсуші тұлғалар арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандар тапсыру үшін ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиясына мынадай құжаттар тапсырады:

1) жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжат (төлнұсқа);

2) 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 2 фотосурет;

3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

4) ҰБТ сертификаты (бар болса);

5) "Дене шынықтыру және спорт туралы" 2014 жылғы 3 шілдесіндегі Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 1) тармақшасында белгіленген спорттық разрядтар және (немесе) спорттық атақтардың бірінің бар болуын растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса) тапсырады.

22. Білім беру грантын беру бойынша конкурсқа өтініш беретін талапкерлер үшін шығармашылық емтихандардың 1 ағынына өтініштер қабылдау күнтізбелік жылдың 20 маусымынан 5 шілдесіне дейін жүзеге асырылады.

Ақылы негізде ЖЖОКБҰ-ға түсетін талапкерлер үшін шығармашылық емтихандардың 2 ағымына өтініштер қабылдау күнтізбелік жылдың 5 тамызынан 10 тамызына дейін жүзеге асырылады.

23. Шығармашылық емтихандар күнтізбелік жылдың 7 шілдесінен 15 тамызына дейін өткізіледі: 1 ағын – күнтізбелік жылдың 7 шілдесі – 12 шілдесі (*білім беру грантын беру бойынша конкурсқа өтініш беретін талапкерлер үшін*); 2 ағын - 11 тамыз – 15 тамыз (*ақылы негізде оқуға түсетін талапкерлер үшін*). Бірінші шығармашылық емтиханды тапсырмаған талапкер оны екінші ағымда қайта тапсыру құқығына ие емес. Қанағаттанарлықсыз нәтиже алған жағдайда емтиханды қайта тапсыру қарастырылмаған.

24. Жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаты бар, шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсуші тұлғалар екі шығармашылық емтихан тапсырады.

25. Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тобына қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсуші тұлғалар бір шығармашылық емтихан тапсырады.

26. Осы ереженің 4-қосымшасына сәйкес арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханды өткізу нысаны бекітіледі.

27. «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша оқуға түсушілердің құжаттарын қабылдау және оқуға түсу үшін арнайы емтихан өткізу күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 24 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

28. Шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына оқуға түсуші адамдар өздері таңдаған университетте шығармашылық емтиханды тапсырады.

29. Шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсетін орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар үшін Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша балдар ескеріледі.

29-1. ҰБТ-да «Қазақстан тарихы» пәні бойынша 5 балл және «Оқу сауаттылығы» пәні бойынша 3 балл жинау керек. «B005 Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау», «B007 Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау» және «B031 Сән, дизайн» білім беру бағдарламаларының тобы үшін «Қазақстан тарихы» және «Оқу сауаттылығы» пәндері бойынша жалпы сомасы кемінде 20 балл жинау қажет. Бұған қоса, ҰБТ-да «B005 Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» БББТ бойынша «Спорт шебері» атағы бар талапкерлер кем дегенде 10 балл, «B007 Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау» БББТ бойынша көркемсурет мектептерінің түлектеріне кем дегенде 15 балл төменгі шекті балл болып белгіленеді; бұл ретте талапкерлер аталған жетістіктерін растайтын тиісті құжаттарының түпнұсқасын қабылдау комиссиясына міндетті түрде ұсынуы тиіс. «B006 Музыка мұғалімдерін даярлау», «B092 Тынығу» білім беру бағдарламаларының тобы үшін «Қазақстан тарихы» және «Оқу сауаттылығы» пәндері бойынша жалпы сомасы кемінде 15 балл жинау қажет. «B028 Хореография» білім беру бағдарламасының тобы үшін «Қазақстан тарихы» және «Оқу сауаттылығы» пәндері бойынша жалпы сомасы кемінде 10 балл жинау қажет. ҰБТ-ның тиісті өту балдары болмаған жағдайда құжаттар қабылданбайды.

30. Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тобына түсуші тұлғалар үшін бейіндік пәннен балдары ескеріледі.

31. «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша университетке түсуші тұлғалар бір арнаулы емтихан тапсырады және Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы (оқу тілі), екі бейіндік пән бойынша балдар ескеріледі.

32. Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсуші тұлғалар үшін жалпы бейіндік және арнайы пәндер бойынша балдар ескеріледі.

33. Арнайы емтихан университетте әңгімелесу форматында өткізіледі. Бұл емтихан педагогикалық іс-әрекетке бейімділікті, жеке қасиеттер мен коммуникативтік құзыреттіліктерді, педагогика ғылымына ынталандыру деңгейін анықтау үшін қажет.

34. Арнайы емтиханды өткізу бағдарламасын Педагогика және білім берудегі менеджмент факультеті әзірлейді. Шығармашылық емтихандарды өткізу бағдарламасын кәсіби шығармашылық факультеті әзірлейді. Бағдарламаларды университеттің қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

35. Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихан кестесі (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты, емтихан тапсыру орны, кәсіптік бағдарлау) қабылдау комиссиясының төрағасымен бекітіледі және құжаттарды қабылдау басталғанға дейін оқуға түсушілердің назарына жеткізіледі және университеттің ресми сайтында жарияланады.

36. Оқуға түсуші арнайы емтихан және шығармашылық емтихан өткізілетін аудиторияға (орынға) жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен жағдайда жіберіледі. Бұл ретте арнайы емтихан және шығармашылық емтихандар бейне және (немесе) аудиозахбаммен жабдықталған аудиторияларда (орындарда), стадиондарда өткізіледі.

37. Шығармашылық емтихан басталғанға дейін оқуға түсушілерге емтихан материалдары беріледі және титулдық парақты рәсімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ

шығармашылық емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялаудың уақыты мен орны және апелляцияға өтініштер беру рәсімі көрсетіледі.

38. Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаты бар оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 50 балдық жүйеде бағаланады.

"B005 Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау" білім беру бағдарламалары тобына түсетін және "Қазақстан Республикасының спорт шебері" Спорттық атағы бар адамдарға комиссия шығармашылық емтихандар бойынша ең жоғары балл қояды.

39. Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

40. «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша оқуға түсушілер үшін арнайы емтихан **«өтгі»** немесе **«өтпеді»** деген нысанда бағаланады.

41. Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары бағалау ведомостімен, арнайы емтиханды өткізу қорытындылары рұқсат беру ведомостімен, комиссияның еркін нысандағы хаттамасымен рәсімделеді және қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) нәтижелерді жариялау үшін беріледі. Комиссия хаттамасына төраға және комиссияның барлық қатысқан мүшелері қол қояды.

42. Арнайы және (немесе) шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткізілген күні жарияланады.

43. «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша арнайы емтихандардың нәтижелері бойынша түсушіге оқуға қабылданған орнынан ЖОО-ға ұсыну үшін рұқсат беру ведомостінен үзінді беріледі.

44. Шығармашылық емтиханның нәтижелері бойынша түсушіге шығармашылық емтихан тапсыру орнына қарамастан ақылы негізде ЖЖОКБҰ-ға түсу үшін ведомосттен үзінді беріледі.

45. Емтихандарды өткізу кезеңіне арнайы және (немесе) шығармашылық емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсыратын тұлғалардың құқықтарын қорғау мақсатында бірінші басшының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен төрағасын қосқанда тақ саннан тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

46. Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына арнайы немесе шығармашылық емтихан тапсырған тұлға өзі тапсырады, ол арнайы немесе шығармашылық емтихан нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады, апелляциялық комиссия оны бір күн ішінде қарайды.

47. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Арнайы немесе шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім қатысушы комиссия мүшелері санының көпшілік дауысымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және барлық қатысушы комиссия мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.

48. Университет республикалық бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін және (немесе) ақылы негізде университетке оқуға қабылдау үшін арнайы және (немесе) шығармашылық емтиханның қорытындысын арнайы және (немесе) шығармашылық емтихан аяқталған күні Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесіне жүктейді.

2.3. Техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, жоғары білімі бар тұлғалар үшін түсу емтиханын (әңгімелесу) өткізу тәртібі

49. Техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі, жоғары білімі бар тұлғалар қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша ақылы негізде оқуға түсушілерді қабылдау әңгімелесу негізінде жүзеге асырылады.

50. Университетке қысқартылған оқу мерзіміне оқуға түсетін тұлғаларды қабылдау оқуға түсушілердің сұранысы бойынша пәндік комиссиялар өткізетін әңгімелесудің нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

51. Техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі, жоғары білімі бар тұлғалармен әңгімелесудің мақсаты таңдаған білім беру бағдарламасы бойынша мамандық алуға байланысты білім деңгейін және жеке алғышарттарын тексеру болып табылады.

52. Әңгімелесудің пәндік комиссиясы қабылдау комиссиясы төрағасының бұйрығымен құрылады. Оның құрамына төраға, профессор-оқытушылар құрамы кіреді.

53. Әңгімелесу бағдарламасын, сұрақтарды, тапсырмаларды кафедралар ұсынады, іске асырылатын білім беру бағдарламалары талданады және қабылдау комиссиясының төрағасымен бекітіледі, сонымен қатар оқуға түсушілердің назарына қабылдау науқаны басталғанға дейін жеткізіледі.

54. Әңгімелесу талапкер құжат тапсырғаннан кейін жүргізіледі, жауаптар «ұсынылады» немесе «ұсынылмайды» деп бағаланады.

55. Әңгімелесу нәтижелері комиссия мүшелері қол қоятын бағалау хаттамасымен, әңгімелесу хаттамасымен рәсімделеді. Әрбір талапкердің әңгімелесу нәтижелері «әңгімелесу ведомосынан үзінді» түрінде беріледі.

56. Әңгімелесу ведомосын пәндік комиссияның төрағасы қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына әңгімелесу өткізілген күннен кешіктірмей ұсынады.

2.4. ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ

57. Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен және ақылы негізде университетке білім алушылар қатарына қабылдауды қабылдау комиссиялары күнтізбелік жылдың 20 маусым - 25 тамыз аралығында қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде оқу үшін университеттің бірінші басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен жүргізеді.

58. Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантының иегерлері куәлікте көрсетілген ЖЖОКБҰ-ға қабылдау туралы өтініш береді және ЖЖОКБҰ басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен студенттер қатарына қабылданады.

59. Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жоғары білім беру грантының иегерлері өздері шығармашылық емтихан тапсырған ЖЖОКБҰ-ға қабылданады.

60. Мемлекеттік грант негізінде оқуға түскен Қазақстан Республикасының азаматтары "Маманды жұмысқа жіберу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған азаматтарды жұмысын өтеу жөніндегі міндетінен босату немесе олардың міндетін тоқтату қағидаларын бекіту және Білім беру грантын беру ережесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33291 болып тіркелген) және Қазақстан Республикасы Білім және жоғары білім министрлігінің м.а. 2023 жылғы 25 тамыздағы № 443 қаулысымен бекітілген ««бакалавр» немесе «магистр» дәрежесін беретін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімге ақы төлеу үшін білім беру грантын тағайындау қағидаларын бекіту туралы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

тізілімінде № 33345 болып тіркелген)» қаулысында белгіленген тәртіппен кемінде 3 (үш) жыл жұмыспен өтеу туралы шарт жасайды.

61. БЖЖҒМ-нің № 204 бұйрықпен белгіленген мерзімге сәйкес ҰБТ тапсырған ағымдағы жылғы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар және тиісті шекті балды жинаған адамдар жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі ЖЖОКБҰ-ның басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның атына ақылы негізде ЖЖОКБҰ-ға қабылдау туралы өтініш береді.

62. Бұл ретте орта білімді ұйымдардың бітіруші 11 (12) сыныптың білім алушылары күнтізбелік жылғы 1 ақпан мен 25 тамыз аралығы кезеңінде жалпы орта білім туралы құжат алғанға дейін ЖЖОКБҰ-ның басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның атына ақылы негізде ЖЖОКБҰ-ға қабылдау туралы өтініш береді.

63. Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжат алғаннан кейін оқуға түсушілер тізбеге сәйкес құжаттарды тапсырады.

64. Университетке түсушілер қабылдау комиссиясына өтінішпен бірге келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) ЖОО басшысының атына еркін нысандағы өтініш;
- 2) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі туралы құжат (түпнұсқа);
- 3) Жеке басты куәландыратын құжат немесе цифрлық сервистегі электрондық құжаты (жеке сәйкестендіру үшін қажет);
- 4) 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 6 фотосурет;
- 5) ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген электрондық форматтағы 075/у нысанындағы медициналық анықтама;
- 6) ҰБТ сертификаты;
- 7) ведомостан үзінді (арнайы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін, оның ішінде «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін);
- 8) білім беру грантын тағайындау туралы электронды куәлік (бар болған жағдайда).

65. I, II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар, жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғалар, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғалар, жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарындағы азаматтар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтары кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы балалар, төрт және одан да көп кәмелетке толмаған бала тәрбиеленетін отбасылардан шыққан балалар, осы мәртебесі кемінде үш жыл толық емес отбасылар қатарындағы балалар, I/ II топтағы немесе бала кезінен мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан балалар басым құқық пен квота берілгенін растайтын құжаттарды қосымша тапсырады.

66. Университетке қабылдау жоғары білім беру бағдарламалары мен тілдік бөлімдер бойынша жүзеге асырылады. Қазақ тілі бөліміне 20 адам, орыс және ағылшын тілі бөлімшелеріне әрқайсысына 10 адамнан қабылдау жүргізіледі.

67. Шығармашылық емтихандар белгіленген жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау, қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілерді қоспағанда, осы емтихандар бойынша балдар ескеріле отырып жүргізіледі.

68. «Педагогикалық ғылымдар» білім беру салалары бойынша оқуға қабылдау арнайы емтихан нәтижелерін ескере отырып жүргізіледі.

69. Университетке ақылы негізде қабылдау жеке ұйымдар/компаниялар төлейтін түсушілерді қоспағанда, бір жылдағы оқудың жалпы құнының 30% болған кезде ғана жүргізіледі. Бұл ретте түсуші осы ұйымнан/компаниядан кепілдік хатын ұсынуы тиіс.

70. Оқуға түсуші екінші деңгейдегі банктер беретін білім беру кредитін ресімдеген жағдайда, ол құжаттарының қаралып жатқандығы туралы банктен тиісті анықтаманы ұсынған кезде ЖЖОКБҰ-ның студенттері қатарына қабылданады.

71. Бұл ретте оған білім беру қызметін көрсету шартында белгіленген және азаматты оқуға қабылдауға дейін төленуі тиіс соманы төлеу мерзімі білім беру кредитін ресімдеу кезеңіне, бірақ банктен анықтама алған кезден бастап 4 (төрт) аптадан асырылмай ұзартылады.

72. Шет тілінде берілген құжаттардың мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалдық куәландырылған аудармасы болуы тиіс. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білімі туралы құжаттар талапкер оқуға қабылданғаннан кейін оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде заңнамада белгіленген тәртіппен нострификациялау рәсімінен өтеді.

2.4.1 «6В02303 Шетел филологиясы» білім беру бағдарламасына қабылдау

73.1 «6В02303 Шетел филологиясы» білім беру бағдарламасына қабылдау белгіленген шектеуде жүзеге асырылады – Қазақстан Республикасы азаматтарының арасынан академиялық топтан (30 студентке дейін) аспауы тиіс.

73.2 Талапкерлерден өтініштерді қабылдау ағымдағы жылдың 20 маусымы мен 13 тамызы аралығында жүргізіледі.

73.3 14 тамыз күні қабылдау комиссиясының отырысы өткізіледі, онда ҰБТ нәтижелері бойынша ең жоғары балл жинаған 30 талапкер іріктеледі

73.4 Кандидаттарды іріктеу тек ҰБТ нәтижелері негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте жеңілдіктері бар тұлғалар және ҰБТ-дан тыс басқа негіздер бойынша түсушілер есепке алынбайды.

73.5 Көрсетілген іріктеу тәртібі мемлекеттік бюджеттен бөлінген білім беру гранты негізінде осы білім беру бағдарламасына түсетін талапкерлерге қолданылмайды

73.6 Іріктеуден өткен талапкер оқуға қабылдаудан бас тартқан жағдайда, оның орны ҰБТ нәтижелері бойынша құрылған рейтингтік тізімдегі келесі кандидатқа берілуі мүмкін.

73.7 Қабылдау комиссиясының отырысының нәтижелері және оқуға қабылдауға ұсынылған талапкерлердің тізімі 15 тамызда университеттің ресми ақпараттық ресурстарында жарияланады.

3. МАГИСТРАТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

74. Магистратураға, оның ішінде мақсатты даярлау бойынша тұлғаларды қабылдау кешенді тестілеу (бұдан әрі-КТ) нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

75. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар заңнамада белгіленген тәртіппен танылады. Шет тіліндегі құжаттар мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалды куәландырылған аудармасымен бірге беріледі.

76. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар адамдар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтеді.

76-1. Мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін үш жыл ішінде бейінді магистратураға ақылы негізде мерзімді әскери қызмет өткерген тұлғаларды қабылдау ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиялары күнтізбелік жыл ішінде өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша түсу емтихандарынсыз жүзеге асырылады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

76-2. MBA және DBA білім беру бағдарламаларының топтары бойынша қабылдауды ЖЖОКБҰ дербес жүзеге асырады. DBA білім беру бағдарламаларына түсу емтихандарын өткізу және қабылдау мерзімдерін ЖЖОКБҰ дербес айқындайды. DBA білім беру бағдарламалары бойынша оқыту ақылы негізде жүзеге асырылады.

77. Магистратураға түсушілер үшін қабылдау комиссиясы түсушілерге таңдаған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары тобының мәселелері бойынша кәсіптік бағдар беруді, КТ және/немесе түсу (шығармашылық) емтиханының рәсімімен таныстыруды жүзеге асырады.

78. Магистратураға түсушілердің өтініштерін қабылдау қабылдау комиссиялары және (немесе) ҰТО-ның ақпараттық жүйесі арқылы келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

- 1) күнтізбелік жылдың 1 маусымнан 8 шілдеге дейін;
- 2) күнтізбелік жылдың 28 қазаннан 10 қарашаға дейін.

79. Магистратураға түсу үшін КТ күнтізбелік жылдың 20 шілдесі мен 10 тамызы және 19 қарашасы мен 11 желтоқсаны аралығында өткізіледі.

80. Магистратураға жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын меңгерген тұлғалар қабылданады.

81. Ғылыми-педагогикалық магистратураға түсуші тұлғалар шет тілі (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз) бойынша тестілеуден, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тестілеуден, оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі тестілеуден тұратын КТ тапсырады.

82. Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға түсуші тұлғалар таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тестілеуден тұратын КТ тапсырады.

83. Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға түсуші тұлғалар ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша ағылшын тіліндегі тестілеуден тұратын КТ тапсырады.

84. КТ өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 190 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18657 болып тіркелген) бекітілген Кешенді тестілеу өткізудің қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

85. КТ-ны Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі (бұдан әрі - ҚР ҒЖБМ) айқындайтын КТ өткізу пункттерінде ҚР ҒЖБММ Ұлттық тестілеу орталығы (бұдан әрі – ҰТО) өткізеді.

86. КТ нәтижелері бойынша электрондық сертификат беріледі, ол ҚР ҒЖБМ Ұлттық тестілеу орталығының сайтында расталады.

87. КТ-ны тапсырған жылы қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

88. Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын бір халықаралық сертификаттары бар тұлғалар мынадай тілдер бойынша магистратураға КТ-ның шет тілі бойынша тестінен босатылады:

Ағылшын тілі:

IELTS Academic (International English Language Testing System Academic), шекті балл – кемінде 6.0;

TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test), шекті балл – кемінде 60;

Неміс тілі:

Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang (DSH, Niveau B2/деңгей B2), TestDaF-Prüfung (NiveauB2/ деңгей B2);

Француз тілі:

TFI (Test de Francais International™) – оқу және тыңдалым секциялары бойынша B2 деңгейден төмен емес; DELF(Diplome d'Etudes en Langue francaise), B2 деңгейі;

DALF(Diplome Approfondi de Langue franzaise), B2 деңгейі; TCF (Test de connaissance du franais) – кемінде B2 деңгейі.

89. «Педагогикалық ғылымдар», «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы» білім беру салаларының білім беру топтары бағдарламаларына, сонымен қатар «Гуманитарлық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар», «Бизнес және басқару» кадрларын даярлау бағыттары бойынша магистратураға түсуші тұлғалар осы ереженің 5-қосымшасына сәйкес балдармен GRE (Graduate Record Examinations) стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар болған жағдайда оқыту қазақ немес орыс тілінде жүргізілетін магистратураға түсу үшін КТ-дан босатылады.

90. «Педагогикалық ғылымдар», «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы» білім беру салаларының білім беру топтары бағдарламаларына, сонымен қатар «Гуманитарлық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар», «Бизнес және басқару» кадрларын даярлау бағыттары бойынша магистратураға түсуші тұлғалар осы ереженің 6-қосымшасына сәйкес балдармен GRE (Graduate Record Examinations) стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар болған жағдайда оқыту қазақ немес орыс немесе ағылшын тілінде жүргізілетін магистратураға түсу үшін КТ-ден босатылады.

91. «Бизнес және басқару» мамандарын даярлау бағыттарының білім беру бағдарламалары топтары бойынша магистратураға түсуші тұлғалар осы ереженің 7-қосымшасына сәйкес балдармен GMAT (Graduate Management Admission Test) стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар болған жағдайда оқыту қазақ немес орыс тілінде жүргізілетін магистратураға түсу үшін КТ-дан босатылады.

МВА/ЕМВА бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау әңгімелесу шеңберінде конкурстық іріктеу нәтижелері бойынша түсушілердің өтініштері бойынша жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының азаматтарын МВА/ЕМВА бағдарламасы бойынша қабылдау тек ақылы негізде жүзеге асырылады. Оқу ақысы азаматтардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады.

Шетел азаматтары МВА/ЕМВА бағдарламаларына Қазақстан Республикасының заңнамасында, халықаралық шарттарда, сондай-ақ университеттің ішкі құжаттамасында белгіленген тәртіппен қабылданады.

МВА/ЕМВА бағдарламасының магистранттарына қойылатын талаптар (жеке тұлғалар: ҚР азаматтары және резидент гражданстер):

- МВА:

* Кемінде 2 жыл жұмыс тәжірибесі (немесе "Бизнес және басқару" саласында кемінде 1 жыл жұмыс тәжірибесі бар);

* Алған білімі мен жұмыс тәжірибесі сипатталған ашық түйіндемені міндетті түрде ұсыну;

- ЕМВА:

* ЕМВА-кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесі бар (немесе "Бизнес және басқару" саласында кемінде 2 жыл жұмыс тәжірибесі бар) компаниялар мен ұйымдардың топ-менеджерлері, басшылары, бас мамандары;

* Алған білімі мен жұмыс тәжірибесін сипаттай отырып, ашылған түйіндемені міндетті түрде ұсыну.

92. Білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін құжаттарды тапсыру кезінде, сондай-ақ оқуға қабылдау кезінде ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығын және қолданылу мерзімін қабылдау комиссиясы тексереді.

Магистратураға түсетін тұлғалар келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) ЖОО басшысының атына еркін нысандағы өтініш;
- 2) Жоғары білімі туралы құжат (түпнұсқа) (магистратураға түсу үшін);
- 3) Жеке басты куәландыратын құжат немесе цифрлық сервистегі электрондық құжаты (жеке сәйкестендіру үшін қажет);
- 4) 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 6 фотосурет;
- 5) ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген электрондық форматтағы 075/у нысанындағы медициналық анықтама;
- 6) 86-тармаққа сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын Сертификат.

Ағылшын тілін игеруі бойынша:

IELTS Academic (International English Language Testing System Academic), Шекті балл – 6.0 кем емес;

TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test), шекті балл – 60 кем емес;

Неміс тілін игеруі бойынша: Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang (DSH, Niveau B2/деңгей B2), TestDaF-Prüfung (Niveau B2/деңгей B2);

Француз тілін игеруі бойынша: TFI (Test de Français International™) – оқылым және айтылым секциялары бойынша B2 деңгейінен кем емес, DELF (Diplome d'Etudes en Langue française) – B2 деңгей, DALF (Diplome Approfondi de Langue française) – B2 деңгей, TCF (Test de connaissance du français) – B2 деңгейінен кем емес.

7) Еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек өтілі бар адамдар үшін);

8) Ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (бар болса).

9) 7), 8) тармақшаларда көрсетілген құжаттар түпнұсқа мен көшірме түрінде ұсынылады, тексеруден өткен соң түпнұсқа қайтарылады.

93. Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдерде шетелдік университетті аяқтаған және экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастығына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредиттеуі бар тұлғалар 5 жыл ішінде Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға КТ-ның «Шет тілі» (ағылшын тілі) тестілеу блогынан босатылады.

94. Магистратураға түсушілер өтініште білім беру бағдарламаларының бір тобын және 3 (үш) университетке дейін көрсетеді.

95. КТ нәтижесі өткізілген күні жарияланады.

96. Ғылыми-педагогикалық магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша осы ереженің 8-қосымшасына сәйкес оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға кешенді тестілеу үшін 150 балдық бағалау жүйесінің шкаласына сәйкес кемінде 75 балл, бұл ретте шет тілі бойынша кемінде 25 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

97. Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша осы ереженің 9-қосымшасына сәйкес оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеу үшін 70 балдық бағалау жүйесінің шкаласына сәйкес кемінде 30 балл, бұл ретте білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

98. Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша осы ереженің 10-қосымшасына сәйкес оқыту ағылшын тілдерінде жүргізілетін бейінді магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеу үшін 70 балдық бағалау жүйесінің шкаласына сәйкес кемінде 30 балл, бұл ретте оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл, білім беру

бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

99. Университетке ақылы негізде қабылдау жеке ұйымдар/компаниялар төлейтін түсушілерді қоспағанда, бір жылдағы оқудың жалпы құнының 30% -ы болған кезде ғана жүргізіледі. Бұл ретте түсуші осы ұйымнан/компаниядан кепілдік хатын ұсынуы тиіс.

100. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алу үшін КТ және (немесе) түсу емтиханының және (немесе) шығармашылық емтихандар бойынша ең жоғары балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады:

- 1) ғылыми-педагогикалық магистратура үшін – кемінде 75 балл;
- 2) оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратура үшін – кемінде 30 балл;
- 3) оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратура үшін – кемінде 30 балл.

101. Магистратураға оқуға қабылдау төмендегідей мерзімде жүзеге асырылады:

- 1) күнтізбелік жылдың 15-28 тамыз аралығында;
- 2) күнтізбелік жылдың 26 желтоқсаннан 10 қаңтарға дейін.

102. Оқуға түсу кезінде магистратураның білім беру бағдарламасының бейіні жоғары білімнің білім беру бағдарламасымен сәйкес келмеген жағдайда магистрантқа игеру үшін пререквизиттер белгіленеді. Қажетті пререквизиттер тізбесі мен оларды игеру мерзімдерін ЖЖОКБҰ дербес айқындайды. Пререквизиттер ақылы негізде игеріледі.

4. ДОКТОРАНТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

103. Докторантураға «магистр» дәрежесі және кемінде 9 ай еңбек өтілі бар Қазақстан Республикасының және шетел азаматтары қабылданады.

104. Докторантураға қабылдау білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

105. Докторантураға түсушілер үшін қабылдау комиссиясы:

1) түсушілерге таңдаған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары тобының мәселелері бойынша консультация беру, түсу емтиханының рәсімімен таныстыруды;

2) түсушілердің құжаттарын қабылдау мен тексеруді ұйымдастыруды;

3) білім беру бағдарламаларының тобы бойынша түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыруды жүзеге асырады.

106. Докторантураға компьютерлік форматтағы түсу емтиханы келесі блоктардан тұрады:

1) оқуға түсушімен ЖЖОКБҰ-ның емтихан комиссиясы өткізетін әңгімелесу.

2) эссе жазудан;

3) білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптардан тұрады.

107. Қорытынды баға 11-қосымшаға сәйкес эссе, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына берілген жауаптар нәтижелерінің және әңгімелесу қосындысынан алынған балдар жиынтығынан тұрады.

108. Докторантураға түсу емтиханына 3 сағат 30 минут (210 минут) беріледі, оның ішінде:

- әңгімелесуге - 20 минут;

- эссе және білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар жазуға – 190 минут (3 сағат 10 минут).

109. Докторантураға түсетін адамдар үшін әңгімелесуді ЖЖОКБҰ «Эссе жазу», «Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар»

блоктары бойынша түсу емтихандарын тапсырғанға дейін дербес жүзеге асырады. Әңгімелесу оқуға түсушінің кәсіби және жеке қасиеттерін, ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмыстарын жүргізу әлеуетін бағалауға бағытталған.

110. Әңгімелесу міндетті түрде бейне байланысты пайдалана отырып, қашықтықтан жүргізіледі. Бейнежазба архивте кемінде үш жыл сақталады. Әңгімелесу емтихан комиссиясының төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қоятын хаттамамен рәсімделеді.

111. Оқуға түсуші әңгімелесуге келмеген жағдайда 0 балл қойылады, хаттамамен рәсімделеді, оған емтихан комиссиясының төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қояды. Әңгімелесуден өтпеген оқуға түсуші мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқу үшін конкурсқа жіберілмейді және ЖЖОКБҰ-ға ақылы негізде қабылданбайды.

112. Түсу емтиханына арналған материалдарды (эссе тақырыптары, ББТ бойынша емтихан сұрақтары) университет әзірлейді.

113. Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан 3 сұрақ блогын қамтиды, оның ішінде: 1-сұрақ теориялық білімнің деңгейі мен жүйелілігін айқындайды; 2-сұрақ функционалдық құзыреттердің қалыптасу дәрежесін анықтайды; 3-сұрақ жүйелік құзыреттерді анықтауға бағытталған. Ең жоғарғы ұпай саны – 50.

114. Оқуға түсушілер түсу емтихандарының нәтижелерімен келесі күні Жеке кабинеттегі хабарлама арқылы таныса алады.

115. ҰТО талаптарына сәйкес келетін емтихан материалдары уәкілетті орган белгілеген мерзімнен кешіктірілмей ҰТО-ға түсуге тиіс.

116. Докторантураға түсу емтихандарын өткізу кезеңінде ЖЖОКБҰ-да білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссиялары құрылады. Кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша бір емтихан комиссиясы құрылады.

117. Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссиялары тиісті бейіндігі бойынша ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар ЖЖОКБҰ-ның профессорлық-оқытушылық құрамынан, ЖЖОКБҰ-ның қызметкерлерінен құрылады.

118. Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді.

119. ЖЖОКБҰ-ның емтихан комиссиялары оқуға түсушінің жеке коды бойынша жұмыстарды тексереді және қарау нәтижелерін одан әрі жариялау үшін ақпараттық жүйе арқылы ҰТО-ға жібереді.

120. "Педагогикалық ғылымдар", "Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика", "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар", "Инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы" білім беру салаларының білім беру бағдарламаларының топтарына, сондай-ақ "Гуманитарлық ғылымдар", "Әлеуметтік ғылымдар", "Бизнес және басқару" кадрларын даярлау бағыттары бойынша түсуші тұлғалар осы ереженің 12-қосымшасына сәйкес балдармен Graduate Record Examinations (грэдүэйт рекорд экзаменейшен) GRE стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар болған жағдайда докторантураға түсу емтиханынан босатылады.

121. Емтихан және апелляциялық комиссия құрамы қабылдау комиссиясының төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

122. ЖЖОКБҰ докторантурасына өтініштерді қабылдау ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиялары және (немесе) ҰТО-ның ақпараттық жүйесі арқылы келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

- 1) күнтізбелік жылғы 3 шілдеден 3 тамызға дейін;
- 2) күнтізбелік жылғы 25 қазаннан 10 қарашаға дейін.

123. Докторантураға білім беру бағдарламаларының тобы бойынша түсу емтихандары келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

- 1) күнтізбелік жылғы 4 тамыздан 20 тамызға дейін;

- 2) күнтізбелік жылғы 19 қарашадан 11 желтоқсанға дейін.
124. Докторантураға оқуға қабылдау келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:
- 1) күнтізбелік жылғы 15 тамыздан 28 тамызға дейін;
 - 2) күнтізбелік жылғы 26 желтоқсаннан 10 қаңтарға дейін.
125. Түсу емтиханын тапсыру үшін тіркелуге 1 (бір) рет рұқсат етіледі; ҰТО сайтында қайта тіркелуге жол берілмейді.
126. Құжаттарды қабылдау ҰТО сайтында жүзеге асырылады, оқуға түсуші жеке деректерін толтырады, докторантураға түсу үшін 1 (бір) ЖОО және 1 (бір) ББТ таңдайды, түсу емтиханын тапсыру орнын таңдайды.
127. ҰТО өңірлер бөлінісінде түсу емтихандарының кестесін қалыптастырады. Түсу емтихандарын өткізу бағдарламалары мен кестелері оқуға түсушілердің назарына түсу емтиханы басталғанға дейін 3 (үш) күн бұрын жеткізіледі.
128. Докторантураға түсуші тұлғалар мынадай құжаттар топтамасын тапсырады:
- 1) ЖОО басшысының атына еркін нысандағы өтініш;
 - 2) Жоғары білімі туралы құжат (түпнұсқа) (магистратураға түсу үшін);
 - 3) Жеке басты куәландыратын құжат немесе цифрлық сервистегі электрондық құжаты (жеке сәйкестендіру үшін қажет);
 - 4) ҰТО берген мемлекеттік тілден емтихан тапсырғаны туралы ресми сертификат (ҚАЗТЕСТ)
 - 5) Шет тілін меңгергенін растайтын сертификат:
- Ағылшын тілін игеруі бойынша:
ағылшын тілі: IELTS Academic (International English Language Testing System Academic), шекті балл кемінде – 5.0;
TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test), шекті балл кемінде – 35;
TOEFL ITP (Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm), шекті балл – кемінде 417;
TOEIC (Test of English for International Communication Тест оф Инглиш фо Интернейшнал комуникэйшн)), шекті балл – 550 кем емес;
Duolingo English Test (Дуолинго Инглиш тест), шекті балл – 80 кем емес;
неміс тілі: Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang (DSH, Niveau B1/B1 деңгейі), TestDaF-Prüfung (Niveau B1/B1 деңгейі);
француз тілі: TFI (Test de Francais International™) – оқу және тыңдау секциялары бойынша B1 деңгейінен төмен емес), DELF (Diplome d'Etudes en Langue francaise) – B1 деңгейі, DALF (Diplome Approfondi de Langue francaise) – B1 деңгейі, TCF (Test de connaissance du francais), шекті балл кемінде – B1 деңгейінен төмен емес;
- 6) ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген электрондық форматтағы 075/у нысанындағы медициналық анықтама;
- Белгілі бір аумақта шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынады.
- 7) 3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;
 - 8) жұмыс орны бойынша кадр қызметімен расталған кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы немесе еңбек қызметін растайтын өзге құжат;
 - 9) соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми жұмыстардың тізімі, зерттеулер жүргізу жоспары.
- 5) және 6) тармақшаларда көрсетілген құжаттар түпнұсқада және көшірмелерде ұсынылады, салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады. Осы тармақта көрсетілген құжаттар тізбесін толық ұсынбаған жағдайда қабылдау комиссиясы түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

129. TOEFL ITP (Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm) сертификаты бар тұлғалар докторантураға түсу емтиханы басталғанға дейін ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді тапсырады.

130. Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеудің тест тапсырмаларының саны 100 сұрақ. Ең жоғарғы балл саны 100 балды құрайды.

131. Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеу «өтті» немесе «өтпеді» деген нысанда бағаланады. «Өтті» деген бағаны алу үшін кемінде 75 балл жинау керек.

132. Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді ҰТО білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарда өткізеді.

133. Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеудің өткізілу күні, уақыты және орны түсушіге оның «жеке кабинеті» арқылы жолданады.

134. Докторантураға компьютерлік форматтағы түсу емтиханының электрондық сертификаты ҰТО-ның сайтында расталады. 4 мен 20 тамыз аралығында өткізілетін түсу емтиханының сертификаты ағымдағы күнтізбелік жылғы 1 желтоқсанға дейін жарамды болады. 18 қараша мен 11 желтоқсан аралығында өткізілетін түсу емтиханының сертификаты келесі күнтізбелік жылғы 1 наурызға дейін жарамды болады.

135. Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдерде шетелдік ЖЖОКБҰ-ны аяқтаған және экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастығына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредитациясы бар тұлғалар 5 жыл ішінде жоғарыда көрсетілген шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын жоғарыда көрсетілген халықаралық сертификаттарды ұсынбайды.

136. Апелляцияға өтініштер докторантураға түсу емтихандары жарияланғаннан кейінгі келесі күні сағат 13.00 мен 13:40 аралығында талапкердің жеке кабинеті арқылы қабылданады.

137. Апелляцияға өтініштерді университеттің апелляциялық комиссиясы өтініш берілген күннен бастап бір күн ішінде қарайды.

138. Апелляцияға арналған өтініште көрсетілген нақты фактілер қарастырылуға жатады.

139. Докторантураға компьютерлік форматтағы түсу емтиханы нәтижесі бойынша апелляцияға 40 минут беріледі.

140. Тест тапсырмаларының мазмұны бойынша апелляция мынадай жағдайларда қаралады:

1) Дұрыс жауап дұрыс жауаптар кодымен сәйкес келмейді (дұрыс жауаптың нұсқасы көрсетіледі);

2) Дұрыс жауап жоқ;

3) Барлық ұсынылған жауаптардың ішінен бір дұрыс жауапты таңдау арқылы тест тапсырмаларында бір бірден артық дұрыс жауап бар (дұрыс жауаптардың барлық нұсқалары көрсетіледі);

4) Тест тапсырмасы дұрыс құрастырылмаған.

141. Тест тапсырмаларын қайта қарау үшін мазмұны бойынша өтініш берген кезде түсуші дәлелді негіздемені (толық түсініктеме) көрсетеді.

142. Барлық тест тапсырмаларын қайта қарастыру бойынша апелляцияға арналған өтініште әрбір тест тапсырмасы бойынша дәлелді негіздемені көрсетпей (толық түсіндірме, тапсырманың толық шешімі) берілсе, қарастыруға жатпайды.

143. Эссе жазудан және білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар және әңгімелесу нәтижесі бойынша апелляцияны ЖЖОКБҰ-ның апелляциялық комиссиясы өткізеді.

144. Тұлғаларды докторантураға ақылы негізде қабылдау шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат негізінде және докторантураның білім беру

бағдарламалары тобының бейіні бойынша түсу емтиханының қорытындысы бойынша ықтимал 100 балдан кемінде 75 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

145. Университетке ақылы негізде қабылдау жеке ұйымдар/компаниялар төлейтін түсушілерді қоспағанда, бір жылдағы оқудың жалпы құнының 30% - ы болған кезде ғана жүргізіледі. Бұл ретте түсуші осы ұйымнан/компаниядан кепілдік хатын ұсынуы тиіс.

146. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша докторантурада оқуға түсу емтиханы бойынша кемінде 75 балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады.

147. Конкурстық балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, докторантураға қабылдау кезінде басым құқық білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша түсу емтиханында ең жоғары баға алған тұлғаға беріледі. Содан соң эссе, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест балдары, білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес ғылыми жетістіктері: ғылыми жарияланымдар, оның ішінде Clarivate Analytics компаниясының Web of science деректер базасының Journal Citation Reports деректері бойынша соңғы күнтізбелік 3 жылдағы 1, 2 квартильге кіретін рейтингтік ғылыми басылымдардағы жарияланымдар; ғылыми әзірлемелер туралы куәліктер; ғылыми стипендияларды, гранттарды тағайындау туралы сертификаттар; ғылыми конференцияларға және конкурстарға қатысқаны үшін берілген грамоталар/дипломдар ескеріледі.

5. ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫН ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

148. Ақылы оқуға түсетін шетел азаматтарын университетке бакалавриат, магистратура мен докторантураға қабылдауды қабылдау комиссиясы әңгімелесу нысанында жүзеге асырады. Аталған ББ бойынша әңгімелесу ағылшын тілінде жүргізіледі: «6B02303 Шетел филологиясы», «7M02303 Шетел филологиясы», «8D02303 Шетел филологиясы», «6B06107 Компьютерлік инженерия», «6B07108 Электроэнергетика», «6B07209 Мұнай инженериясы және энергоменеджмент». Қалған ББ бойынша әңгімелесу қазақ, орыс тілдерінде (түсушінің таңдауы бойынша) өткізіледі.

149. Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін білім алуы стипендиялық бағдарламаны қоспағанда, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

150. Шетелдіктерді қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына дейін 5(бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

151. Әңгімелесуді өткізу үшін университеттің қабылдау комиссиясының төрағасының бұйрығымен комиссия құрылады. Сұхбат талапкердің таңдауы бойынша қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде өткізіледі. Әңгімелесу қорытындысы бойынша комиссия мүшелерімен университеттің білім беру бағдарламаларына оқуға түсушілерді қабылдауға/қабылдамауға ұсынымдар туралы шешім қабылданады. Әңгімелесу нәтижелерін комиссия мүшелері қол қоятын хаттамамен рәсімделеді.

152. Оқуға түсушіні университетке қабылдау туралы шешімді әңгімелесу нәтижелерінің деңгейі төмен, ұсынылған білім туралы құжаттың талаптарға сәйкес келмеген жағдайда (нотариалды куәландырылған аударманың болмауы, рәсімдеудегі ақаулар мен қателер) комиссия қабылдауы мүмкін.

153. Әңгімелесу өткізу кезеңінде бірыңғай талаптарды сақтау және оқуға түсушілердің даулы мәселелерін шешу мақсатында апелляциялық комиссия құрылады.

154. Апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы қабылдау комиссиясының төрағасымен бекітіледі. Апелляциялық комиссияның құрамы тестіленетін пәндер бойынша оқытушылар қатарынан құрылады. Өтініштер апелляция нәтижелері жарияланғаннан кейінгі келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады, және апелляциялық комиссиямен бір күн ішінде қаралады.

155. Өтініштер бойынша шешім комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және барлық

комиссия мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді. Апелляциялық комиссияның шешімі түпкілікті және қайта қарауға жатпайды. Апелляциялық комиссия түсушіні апелляцияның нәтижелері туралы хабардар етеді.

156. Студенттерді университетке қабылдау университеттің қабылдау комиссиясымен Басқарма Төрағасы-Ректорының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен күнтізбелік жылдың 10 мен 25 тамыз аралығында жүргізіледі.

157. Білім беру грантының иегерлері республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты немесе нысаналы трансферттер шеңберінде республикалық бюджеттен түскен қаражат, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаты және өзге де көздерден оқуға ақы төлеу есебінен білім беру бағдарламаларының тиісті тобынан білім беру бағдарламасын таңдайды.

158. Оқуға түсушілер университеттің қабылдау комиссиясына қабылдау туралы өтінішке төмендегі құжаттарды қоса береді:

- 1) ЖОО басшысы атына еркін нысандағы өтініш;
- 2) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі туралы құжат (түпнұсқа) және құжаттың нотариалды куәландырылған мемлекеттік немесе орыс тіліндегі аудармасы;
- 3) 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 6 фотосурет;
- 4) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075-У нысаны бойынша медициналық анықтама;
- 5) ҰБТ сертификаты (қазақ диаспорасы үшін);
- 6) ведомосттан үзінді (арнаулы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін, оның ішінде «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін);
- 7) ведомосттан үзінді (әңгімелесу бойынша түсушілер үшін)
- 8) білім беру грантын тағайындау туралы куәлік (қазақ диаспорасы үшін).
- 9) паспорттың көшірмесі (нотариалды куәландырылған мемлекеттік немесе орыс тіліндегі аудармасымен).

159. Шет тілінде берілген құжаттардың мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалды куәландырылған аудармасы болуы тиіс. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар тұлғалар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтеді.

6. Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік университеті (ҚАЗАҚСТАН) МЕН ХЕРИОТ-УАТТ университетінің (Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі) ҚОС ДИПЛОМДЫ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ТОПТАРЫНА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

160. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (Қазақстан) мен Хериот-Уатт университетінің (Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі) қос дипломды білім беру бағдарламаларының топтарына білім алушыларды қабылдау қағидалары (бұдан әрі – KZ-UK бағдарламалары) төмендегі ережелер негізінде әзірленді:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидалары;
- Қазақстан Республикасы Білім және жоғары білім министрлігінің м.а. 2023 жылғы 25 тамыздағы № 443 қаулысымен бекітілген «бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережесі;
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі, Хериот-Уатт университеті және Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті арасындағы 2023 жылғы 1 ақпандағы Ынтымақтастық туралы меморандум.

161. Бұл қағида KZ-UK бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау тәртібін анықтайды.

162. KZ-UK бағдарламаларының білім алушылар контингентін қалыптастыру республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білім беру грантын орналастыру, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаты және басқа да көздер есебінен оқу ақысын төлеу арқылы жүзеге асырылады.

163. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде Хериот-Уатт университетімен келісім бойынша, Басқарма Төрағасы-Ректордың немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімімен ағылшын тілінен арнаулы емтихан өткізу жөніндегі комиссия құрылады. Арнаулы емтиханды өткізу бағдарламасы мен мазмұнын Хериот-Уатт университеті әзірлейді. Комиссия құрамына Хериот-Уатт университетінің өкілдері, Қ.Жұбанов атындағы АӨУ-нің проректорлар, құрылымдық бөлімшелер өкілдері, сондай-ақ қоғамдық ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді. Комиссия мүшелерінің саны тақ саннан тұрады, төрағасы болып Хериот-Уатт университетінің өкілі тағайындалады.

164. Республикалық бюджет және (немесе) жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу және KZ-UK бағдарламалары бойынша ақылы негізде оқуға орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, ҰБТ тапсырған және оның нәтижелері бойынша қажетті балл санын жинаған тұлғалар қабылданады:

№	ББТ	Грантқа шекті балл	Ақылы оқуға шекті балл
1	B057 (KZ-UK) Ақпараттық технологиялар	65	50
2	B062 (KZ-UK) Электротехника және энергетика	65	50
3	B071 (KZ-UK) Тау-кен ісі және пайдалы қазбаларды өндіру	65	50

165. Бұл ретте ҰБТ-ның Қазақстан тарихы, екі бейіндік пән бойынша кемінде 5 балл, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы (оқу тілі) пәндері бойынша кемінде 3 балл:

№	ББТ	ҰБТ таңдау пәндері
1	B057 (KZ-UK) Ақпараттық технологиялар	Математика-Информатика
2	B062 (KZ-UK) Электротехника және энергетика	Математика-Физика
3	B071 (KZ-UK) Тау-кен ісі және пайдалы қазбаларды өндіру	Математика-Физика

166. KZ-UK бағдарламаларына жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар тұлғалар қабылданады. Оқу нысаны – күндізгі.

167. Республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу 10 мамырдан 10 шілдеге дейінгі аралықта алынған ҰБТ нәтижелері негізінде жүзеге асырылады; аталған мерзімде ҰБТ-ны екі рет тапсыру мүмкіндігі қарастырылған.

168. ҰБТ-ны электрондық форматта тапсыру кезінде республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білім беру грантын тағайындау конкурсына талапкер жоғарыдағы тармақта көрсетілген қажетті балл саны бар екі ҰБТ нәтижесінің біреуімен қатысады.

169. SAT (ЭсЭйТи – САТ), АСТ (ЭйСиТи), IB (АйБи) халықаралық стандартталған тестілер сертификаттары бар тұлғалар осы Қағидадағы 1-қосымшаға сәйкес балдарды ауыстыру шкаласы бойынша білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысады және (немесе) жоғары оқу орындарының ақылы бөліміне қабылданады. Бұл ретте SAT subject (САТ сабджект) нәтижелері бейіндік пәндер сәйкес келген жағдайда ҰБТ балдарына ауыстырылады.

170. Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының бітірушілері осы Үлгілік қағидаларға 2-2-қосымшада белгіленген оқудағы нәтижелерін сырттай бағалау балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шәкіліне сәйкес білім беру грантын беру конкурсына қатысады және (немесе) жоғары оқу орындарына ақылы бөлімге қабылданады.

171. Оқуға түсу үшін жарамды IELTS 5.0 немесе Қ. Жұбанов атындағы АӨУ базасында өткізілетін Хериот-Уатт университетінің ағылшын тілі бойынша арнаулы емтиханын тапсырғаны туралы сертификат талап етіледі.

172. Арнаулы емтиханға өтініштерді қабылдау онлайн түрде Google Form арқылы немесе қабылдау комиссиясында офлайн түрде жүргізіледі.

173. Арнаулы емтиханды өткізу бағдарламасы мен мазмұнын Хериот-Уатт университеті әзірлейді. Емтихан оқу, академиялық жазылым дағдыларын, сондай-ақ ағылшын тілді академиялық ортада білім алуға және зерттеу қызметіне дайындықты тексеруді қамтиды.

174. Талапкерді арнаулы емтихан өткізілетін аудиторияға кіргізу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

175. Арнаулы емтихан Қ.Жұбанов атындағы АӨУ-де өткізіледі және Хериот-Уатт университеті бағалайды.

176. Ағылшын тілі бойынша арнаулы емтихан нәтижелерін Хериот-Уатт университеті тестілеу өткізілген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде Қабылдау комиссиясына жібереді.

177. Нәтижелерді алғаннан кейін Қабылдау комиссиясы 5 жұмыс күні ішінде ресми нәтижелерді талапкерлерге жібереді. Сертификат тек оң нәтиже көрсеткен талапкерлерге беріледі және 2025-2026 оқу жылында оқуға түсу үшін жарамды.

178. Арнаулы емтиханды өткізу қорытындылары хаттамамен рәсімделеді. Хаттамаға комиссия төрағасы мен барлық қатысқан мүшелері қол қояды.

179. Республикалық бюджет қаражаты есебінен білім беру гранттарын тағайындау конкурсына қатысу үшін өтініштер ағымдағы жылдың 13-20 шілде аралығында қабылданады.

180. Республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін келесі құжаттарды ұсыну қажет:

1. білім туралы құжат (аттестат);
2. жеке куәлік;
3. ҰБТ сертификаты;
4. ағылшын тілі бойынша арнайы емтихан сертификаты немесе IELTS 5.0 сертификаты;
5. жеңілдіктерге құқықты растайтын құжаттар (бар болса).

181. Республикалық комиссия шешімі негізінде ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органның бұйрығы шығарылады және оқуға түсушілерге куәліктер беріледі.

182. Жоғары білім беру гранты иегерлерінің тізімдері бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

183. KZ-UK бағдарламалары студенттерінің қатарына республикалық бюджет, жергілікті бюджет қаражаты есебінен немесе ақылы негізде оқуға қабылдауды Қабылдау комиссиясы күнтізбелік жылдың 20 маусымынан 25 тамызына дейін университет бірінші басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен жүргізеді.

184. Университеттің қабылдау комиссиясына оқуға түсушілер қабылдау туралы өтінішке қоса тіркейді:

1. жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім туралы құжат (түпнұсқа);
2. жеке куәлік (көшірмесі);
3. 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 2 фотосурет;
4. «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075-У нысанындағы медициналық анықтама;
5. ҰБТ сертификаты (көшірмесі);
6. ағылшын тілі бойынша арнайы емтихан сертификаты немесе кемінде 5.0 IELTS сертификаты (көшірмесі);
7. білім беру грантын тағайындау туралы электрондық куәлік (бар болса).

185. Шет тіліндегі құжаттар қазақ немесе орыс тіліне нотариалды куәландырылған аудармасымен ұсынылады. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар тұлғалар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтеді.

186. Шетелдік азаматтар оқуға өз қаражаты есебінен немесе Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын қазақ ұлтындағы адамдарға арналған квота бойынша республикалық бюджет қаражаты есебінен қабылданады.

186.1 Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын қазақ ұлтындағы адамдарды республикалық бюджет қаражаты есебінен оқуға қабылдау ҰБТ негізінде жүзеге асырылады.

186.2 Шетелдік азаматтарды ақылы негізде оқуға қабылдау сұхбаттасу және ағылшын тілінен арнайы емтихан нәтижесі немесе көрсеткіші 5.0 балдан кем емес IELTS сертификаты негізінде жүзеге асырылады.

186.3 Сұхбаттасу бойынша пәндік комиссия қабылдау комиссиясы төрағасының бұйрығымен құрылады. Құрамға төраға және профессор-оқытушылар құрамының мүшелері кіреді. Комиссия мүшелерінің саны тақ болуы тиіс.

186.4 Сұхбаттасу нәтижелері комиссия мүшелері қол қоятын ведомость арқылы рәсімделеді. Әрбір талапкердің сұхбаттасу нәтижесі «Сұхбаттасу ведомосынан үзінді» түрінде беріледі.

187. Университеттің қабылдау комиссиясына оқуға түсушілер қабылдау туралы өтінішке қоса тіркейді:

1. жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім туралы құжат (түпнұсқа) қазақ немесе орыс тіліне нотариалды куәландырылған аудармасымен бірге. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар тұлғалар оқуға қабылданғаннан кейін 1 (бірінші) академиялық оқу кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтеді;

2. төлқұжат көшірмесі (мемлекеттік немесе орыс тіліне нотариалды куәландырылған аудармасымен);

3. 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 2 фотосурет;

4. «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075-У нысанындағы медициналық анықтама;

5. ҰБТ сертификаты (көшірмесі);

6. ағылшын тілі бойынша арнайы емтихан сертификаты немесе кемінде 5.0 IELTS сертификаты (көшірмесі);

7. білім беру грантын тағайындау туралы электрондық куәлік (бар болса).

8. Өңгімелесу хаттамасынан үзінді.

188. Жоғарыдағы 184, 187 тармақтарда көзделген құжаттардың толық топтамасы қабылданғаннан кейін Қ.Жұбанов атындағы АӨУ басшысы мен көрсетілетін қызметті алушы арасында білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт жасалады.

189. Қабылданған құжаттар негізінде Басқарма Төрағасы-Ректор немесе оның міндетін атқарушы тұлға көрсетілетін қызметті алушыны KZ-UK бағдарламалары студенттері қатарына қабылдау туралы бұйрық шығарады.

190. KZ-UK бағдарламаларына қабылдау мемлекеттік білім беру грантын тағайындау туралы уәкілетті органның құжаттарына сәйкес Қ. Жұбанов атындағы АӨУ ректорының бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

191. KZ-UK бағдарламаларына қабылданғаннан кейін студенттер Хериот-Уатт университетінің тіркеу рәсімдері мен академиялық ережелерінде белгіленген тәртіппен Хериот-Уатт университетінде тіркелуге жүргізіледі.

ӨЗІРЛЕНДІ:

Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы

Г.Е. Есенаман

КЕЛІСІЛДІ:

**Академиялық мәселелер жөніндегі
проректор, Басқарма мүшесі**

Л.Н. Мясникова

**Қабылдау және мансаптық даму
департаментінің директоры**

Ә.Х. Жұмағазиев

Заң департаментінің директоры

Л.Б. Алиманова

SAT (Эсэти – CAT), ACT (ЭйСиТи), IB (АйБи), , A-Level (Э-Левел), TOEFL ITP (ТОЙФЛ АЙТИПИ), TOEFL IBT (ТОЕФЛ АЙБИТИ), IELTS (АЙЛТС) балдарын ҰБТ балдыраныа ауыстыру шкаласы

Халықаралық стандартталған SAT сертификатының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы

SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) және SAT Subject (ЭсЭйТи сабджект) сертификаттары бар талапкерлер үшін

Кесте 1. Халықаралық стандартталған SAT сертификатының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы.

SAT Халықаралық стандартталған тест		ҰБТ	
Тест түрлері	Балдар	Тест түрлері	Балдар
SAT reasoning (ЭсЭйТи ризонинг)	950 балдан кем емес (1600 балдан)	Оқу сауаттылығы	7/10
		Математикалық сауаттылық	7/10
	1050 балдан кем емес (1600 балдан)	Оқу сауаттылығы	8/10
		Математикалық сауаттылық	8/10
	1150 балдан кем емес (1600 балдан)	Оқу сауаттылығы	9/10
		Математикалық сауаттылық	9/10
	1250 балдан кем емес (1600 балдан)	Оқу сауаттылығы	10/10
		Математикалық сауаттылық	10/10
SAT subject (ЭсЭйТи сабджект)	2 бейіндік пәннің әрқайсысы* 625 балдан кем емес (800 балдан)	1 бейіндік пән	44/50
		2 бейіндік пән	44/50
	2 бейіндік пәннің әрқайсысы* 650 балдан кем емес (800 балдан)	1 бейіндік пән	46/50
		2 бейіндік пән	46/50
	2 бейіндік пәннің әрқайсысы* 675 балдан кем емес (800 балдан)	1 бейіндік пән	48/50
		2 бейіндік пән	48/50
	2 бейіндік пәннің әрқайсысы* 700 балдан кем емес (800 балдан)	1 бейіндік пән	50/50
		2 бейіндік пән	50/50

* «ағылшын тілі» пәні үшін IELTS нәтижелері ескеріледі.

Ескерту: SAT балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

- 1) SAT reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) және SAT subject (ЭсЭйТи сабджект) сертификаттары болған жағдайда. Бұл ретте талапкер Қазақстан тарихы пәні бойынша ҰБТ тапсырады және SAT subject (сабджект) балдары бейіндік пәндерге сәйкес келген жағдайда ғана ҰБТ балдарына ауыстырылады.

Кесте 2. SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы.

SAT Халықаралық стандартталған тест		ҰБТ	
Тест түрлері	Балдар	Тест түрлері	Балдар
SAT reasoning (ЭсЭйТи ризонинг)	950 балдан кем емес (1600 балдан)	Оқу сауаттылығы	7/10
		Математикалық сауаттылық	7/10
	1050 балдан кем емес (1600 балдан)	Оқу сауаттылығы	8/10
		Математикалық сауаттылық	8/10
	1150 балдан кем емес (1600 балдан)	Оқу сауаттылығы	9/10
		Математикалық сауаттылық	9/10
	1250 балдан кем емес (1600 балдан)	Оқу сауаттылығы	10/10
		Математикалық сауаттылық	10/10

Ескерту: SAT reasoning сертификаты болған жағдайда. Бұл ретте талапкер Қазақстан тарихы және екі таңдау пән бойынша ҰБТ тапсырады.

АСТ халықаралық стандартталған тестінің халықаралық сертификатының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру

Кесте 3. АСТ халықаралық стандартталған тестінің халықаралық сертификатының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы

АСТ халықаралық стандартталған тесті		ҰБТ	
Тест түрлері	Балдар	Тест түрлері	Балдар
English Mathematic Reading	Әрбір бөлім бойынша 19 балдан кем емес (36 балдан)	Оқу сауаттылығы	7/10
		Математикалық сауаттылық	7/10
English Mathematic Reading	Әрбір бөлім бойынша 21 балдан кем емес (36 балдан)	Оқу сауаттылығы	8/10
		Математикалық сауаттылық	8/10
English Mathematic Reading	Әрбір бөлім бойынша 23 балдан кем емес (36 бал)	Оқу сауаттылығы	9/10
		Математикалық сауаттылық	9/10
English Mathematic Reading	Әрбір бөлім бойынша 26 балдан кем емес (36 балдан)	Оқу сауаттылығы	10/10
		Математикалық сауаттылық	10/10
Science (биология, география, физика)	19 балдан кем емес* (36 балдан)	2 бейіндік пән	44/50 44/50
Science (биология, география, физика)	21 балдан кем емес* (36 балдан)	2 бейіндік пән	46/50 46/50
Science (биология, география, физика)	23 балдан кем емес* (36 балдан)	2 бейіндік пән	48/50 48/50
Science (биология, география, физика)	26 балов балдан кем емес* (36 балдан)	2 бейіндік пән	50 50

Ескерту: Қазақстан тарихынан ҰБТ тапсыру кезіндегі АСТ балдары тиісті пәндер сәйкес болған жағдайда ғана ҰБТ ұпайларына ауыстырылады.

ІВ халықаралық сертификатының немесе дипломының балдарын ҰБТ балына ауыстыру

Кесте 4. ІВ халықаралық сертификатының немесе дипломының балдарын ҰБТ балына ауыстыру шкаласы.

№	Сертификат пәндері/ ІВ дипломы		ІВ						
			1	2	3	4	5	6	7
1	Математика / Математика (математикалық сауаттылық)	ҰБТ балы	3	5	6	7	8	9	10
2	Бейіндік пәндер		16	26	32	40	46	49	50

Ескерту: **ІВ** ұпайларын ҰБТ ұпайларына қайта есептеу Қазақстан тарихы және оқу сауаттылығы пәндері бойынша ҰБТ тапсырған жағдайда жүзеге асырылады және бейіндік пәндер сәйкес келген жағдайда **ІВ** ұпайлары ҰБТ ұпайларына ауыстырылады.

Кесте 5. A Level (Э-Левел) халықаралық бакалавриат бағдарламаларының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы.

№	Пәндер/ бағалар		A Level (Э-Левел)					
			U	E	D	C	B	A*
1	Математика/ математика (математикалық сауаттылық)	ҰБТ балы	3	5	6	7	8	9
2	Бейіндік пәндер		16	26	32	40	46	49

Ескерту: SAT (ЭсЭйТи), АСТ (ЭйСиТи), IB (АйБи), A-Level (Э-Левел) халықаралық стандартталған тестілер балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру (конвертация) жеке пәндер бойынша жүргізілмейді.

IELTS (IELTS) сертификатының ұпайларын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы («Шет тілі (ағылшын тілі)» негізгі пән/арнайы пән).

№	Тест түрі	Балдар	ҰБТ бейіндік пәні («Шет тілі (ағылшын тілі)»)	ҰБТ арнайы пән («Шет тілі (ағылшын тілі)»)
1	IELTS (АЙЛТС)	6.0 және жоғары	50	50
2		5.5	46	46
3		5.0	42	42

TOEFL ibt (ТОЙФЛ АЙБИТИ), TOEFL itp (ТОЕФЛ АЙТИПИ) сертификатының ұпайларын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы («Шет тілі (ағылшын тілі)» негізгі пән/арнайы пән)

№	Тест түрі	Балдары	ҰБТ бейіндік пәні («Шет тілі (ағылшын тілі)»)	ҰБТ арнайы пән («Шет тілі (ағылшын тілі)»)
1	TOEFL ibt (ТОЙФЛ АЙБИТИ)	60 және жоғары	50	50
2		46-59	46	46
3		35-45	42	42
1	TOEFL itp (ТОЕФЛ АЙТИПИ)	498 және жоғары	50	50
2		460-497	46	46
3		433-459	42	42

**ҚАЗТЕСТ сертификатының ұпайларын ҰБТ ұпайларына ауыстыру шкаласы
(негізгі пән/арнайы пән «Қазақ тілі»)**

Тест түрі	Балл	«Қазақ тілі» бейіндік пәні бойынша ҰБТ балы	«Қазақ тілі» арнайы пәні бойынша ҰБТ балы
КАЗТЕСТ	128-160	50	50
	96-127	46	46
	80-95	42	42

НЗМ түлектерінің оқу нәтижелерін сырттай бағалаудан алынған ұпайларды ҰБТ сертификатының ұпайларына түрлендіру шкаласы

№	Пәндер	«НЗМ» АОО түлектері үшін							
		Жоғары балл	U (1)	E (2)	D (3)	C (4)	B (5)	A (6)	A* (7)
1	Қазақ тілі (оқу сауаттылығы)	10	3	5	6	7	8	9	10
2	Қазақ тілі (бейіндік пән)	50	16	26	32	40	46	49	50
3	Орыс тілі (оқу сауаттылығы)	10	3	5	6	7	8	9	10
4	Орыс тілі (бейіндік пән)	50	16	26	32	40	46	49	50
5	Қазақстан тарихы	20	7	11	13	16	17	19	20
6	Математика (математикалық сауаттылық)	10	3	5	6	7	8	9	10
7	Математика (бейіндік пән)	50	16	26	32	40	46	49	50
8	Бейіндік пәндер	50	16	26	32	40	46	49	50

**Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихан өткізілетін білім беру
бағдарламалары топтарының тізбесі**

	Білім беру бағдарламалары топтарының атауы
	Арнайы дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтары
1	Педагогика және психология
2	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
3	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі
4	Математика мұғалімдерін даярлау
5	Физика мұғалімдерін даярлау (IP)
6	Информатика мұғалімдерін даярлау
7	Химия мұғалімдерін даярлау (IP)
8	Биология мұғалімдерін даярлау (IP)
9	География мұғалімдерін даярлау
10	Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау (IP)
11	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау
12	Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау
13	Шет тілі мұғалімдерін даярлау
14	Арнайы педагогика мамандарын даярлау
	Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтары
1	Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау
2	Музыка мұғалімдерін даярлау
3	Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау
4	Хореография
5	Сән, дизайн
6	Тынығу

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтары			
1	2	3*	4
B005	Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	Мамандану бойынша нормативтер	Жалпы дене даярлығы бойынша нормативтер
B006	Музыка мұғалімдерін даярлау	Орындау шеберлігі	Жалпы музыкалық қабілетін көрсету
B007	Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау	Сурет (адам бетінің гипстен жасалған маскасының суреті)	Кескіндеме (натюрморт)
B028	Хореография	Орындау шеберлігі	Коллоквиум. Балетмейстер өнері бойынша тәжірибелік жұмыс.
B031	Сән, дизайн	Сурет, кескіндеме 2	Композиция 2 немесе сызу
B092	Тынығу	Орындау шеберлігі	Ұйымдастыру-қойылым жұмысының негіздері

* қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша

GRE стандартталған тестінің халықаралық сертификатының балдарын Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға КТ балдарына ауыстыру шкаласы

GRE халықаралық стандартталған тест			Кешенді тестілеу	
Тест секциялары	"Педагогикалық ғылымдар" білім салаларына арналған, "Гуманитарлық ғылымдар", "Әлеуметтік ғылымдар" кадрларды даярлау бағыттарына арналған балдар	"Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика", "Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар", "Инженерлік, өңдейтін және құрылыс салалары" білім салаларына арналған, "Бизнес және басқару" кадрларды даярлау бағыттарына арналған балдар	Тестілеу түрлері	Балл
Quantitative Reasoning	кемінде 155 балл	кемінде 160 балл	Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	10
Analytical Writing	Кемінде 3 балл	Кемінде 3 балл		
Quantitative Reasoning	кемінде 160 балл	кемінде 165 балл	Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	20
Analytical Writing	Кемінде 4 балл	Кемінде 4 балл		
Quantitative Reasoning	кемінде 165 балл	кемінде 170 балл	Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	30
Analytical Writing	Кемінде 5 балл	Кемінде 5 балл		
Verbal Reasoning	кемінде 145 балл	кемінде 145 балл	Шет тілі бойынша тест	25
Verbal Reasoning	кемінде 155 балл	кемінде 155 балл	Шет тілі бойынша тест	40
Verbal Reasoning	кемінде 165 балл	кемінде 155 балл	Шет тілі бойынша тест	50

GRE стандартталған тестінің халықаралық сертификатының балдарын оқыту қазақ, орыс және ағылшын тілінде жүргізілетін магистратураға КТ балдарына ауыстыру шкаласы

GRE халықаралық стандартталған тест			Кешенді тестілеу	
Тест секциялары	"Педагогикалық ғылымдар" білім салаларына арналған, "Гуманитарлық ғылымдар", "Өлеуметтік ғылымдар" кадрларды даярлау бағыттарына арналған балдар	"Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика", "Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар", "Инженерлік, өңдейтін және құрылыс салалары" білім салаларына арналған, "Бизнес және басқару" кадрларды даярлау бағыттарына арналған балдар	Тестілеу түрлері	Балл
Quantitative Reasoning	кемінде 155 балл	160 балдан кем емес	Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	10
Analytical Writing	Кемінде 3 балл	3 баллдан кем емес		
Quantitative Reasoning	кемінде 160 балл	165 балдан кем емес	Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	20
Analytical Writing	Кемінде 4 балл	4 балдан кем емес		
Quantitative Reasoning	кемінде 165 балл	170 балдан кем емес	Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	30
Analytical Writing	Кемінде 5 балл	5 балдан кем емес		

**Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға GMAT
стандартталған тестінің халықаралық сертификатының балдарын КТ балдарына
ауыстыру шкаласы**

GMAT халықаралық стандартталған тест		Кешенді тестілеу	
Тест секциялары	"Бизнес и управление"	Тест түрлері	Балл
	кадрларды даярлау бағыттарына арналған балдар		
Quantitative Reasoning	кемінде 40 балл	Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	15
Integrated Reasoning	кемінде 4 балл	Білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша тест	30
Verbal Reasoning	кемінде 20 балл	Шет тілі бойынша тест	25
Analytical Writing	кемінде 3 балл		
Quantitative Reasoning	кемінде 50 балл	Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	20
Integrated Reasoning	кемінде 6 балл	Білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша тест	50
Verbal Reasoning	кемінде 40 балл	Шет тілі бойынша тест	35
Analytical Writing	кемінде 4 балл		
Quantitative Reasoning	кемінде 60 балл	Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	30
Integrated Reasoning	кемінде 8 балл	Білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша тест	70
Verbal Reasoning	кемінде 60 балл	Шет тілі бойынша тест	50
Analytical Writing	кемінде 5 балл		

Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға кешенді тестілеуге арналған 150 балдық бағалау жүйесінің шкаласы

Тест түрлері	Тапсырма түрі	Тапсыру тілі	Тест саны	Балы
Шет тілі бойынша тест*	Аудирование Лексико-грамматикалық тест Чтение	Ағылшын Неміс француз	50	50
Оқуға дайындығын анықтау тесті	Бір дұрыс жауабын таңдау	Қазақ Орыс	30	30
Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест	Бір дұрыс жауабын таңдау	Қазақ Орыс	30	30
	Бір немесе бірнеше жауабы дұрыс	Қазақ Орыс	20	40
Барлығы			130	150

* араб тілін білуді талап ететін білім беру бағдарламаларының тобы бойынша магистратураға түсу үшін араб тілінен түсу емтиханы тапсырылады.

* шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының тобы бойынша магистратураға түсу үшін шығармашылық емтихандар тапсырылады.

**Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға кешенді
тестілеуге арналған 70 балдық бағалау жүйесінің шкаласы**

Тест түрлері	Тапсырма түрі	Тапсыру тілі	Тест саны	Балы
Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест	Бір дұрыс жауабын таңдау	Қазақ Орыс	30	30
	Бір немесе бірнеше жауабы дұрыс	Қазақ Орыс	20	40
Барлығы			50	70

Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратураға кешенді тестілеуге арналған 70 балдық бағалау жүйесінің шкаласы

Тест түрлері	Тапсырма түрі	Тапсыру тілі	Тест саны	Балы
Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест	Бір дұрыс жауабын таңдау	Ағылшын	30	30
	Бір немесе бірнеше жауабы дұрыс	Ағылшын	20	40
Барлығы			50	70

Докторантураға түсуге арналған бағалау жүйесінің 100-балдық шкаласы

Тест түрлері	Балл
Өңгімелесу	30
Эссе	20
Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтары	50
Барлығы	100

**GRE стандартталған тесттің халықаралық сертификатының балдарын
докторантураға түсу емтиханы балдарына ауыстыру шкаласы**

GRE халықаралық стандартталған тест			Түсу емтихандары	
Тест секциялары	"Педагогикалық ғылымдар" білім салаларына арналған, "Гуманитарлық ғылымдар", "Әлеуметтік ғылымдар" кадрларды даярлау бағыттарына арналған балдар	"Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика", "Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар", "Инженерлік, өңдейтін және құрылыс салалары" білім салаларына арналған, "Бизнес және басқару" кадрларды даярлау бағыттарына арналған балдар		Балл
Quantitative Reasoning	кемінде 159 балл	кемінде 164 балл	Білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша түсу емтиханы	100
Verbal Reasoning	149 балдан кем емес	145 балдан кем емес	Жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат	100